

Сейтхан А.С.

**Қазақ көсемсөзінің дамуы мен
қалыптасуындағы
Ахмет Байтұрсынұлының
қызметі**

Бұл мақалада қазақ публицистикасының жанр ретіндегі қалыптасу барысындағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі мен қызметі теориялық журналистика аясында жан-жақты ғылыми тұжырымдармен сарапталады. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына септігін тигізген – «көсемсөз» жанры бойынша жан-жақты талдау жасалады. Ол – көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы.

Түйін сөздер: публицистика, дәстүрлі БАҚ.

Seythan A.S.

**The role of Akhmet Baitursynuly
the formation and development
in the kazakh journalism**

In this article the comprehensive scientific analysis in the framework of the role and activities of journalism Ahmet Baitursynov during the formation and development of the Kazakh journalism as genre.

Key words: journalism, traditional media.

Сейтхан А.С.

**Деятельность А. Байтұрсынова
в развитии и становлении
казахской публицистики**

В данной статье проведен всесторонний научный анализ роли и деятельности Ахмета Байтұрсынова в процессе становления и развития казахской публицистики как жанра. Автор исследует жанр публицистики, сыгравшего роль в становлении письменной казахской литературы.

Ключевые слова: публицистика, традиционные СМИ.

ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫП- ТАСУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі – сөз өнері. Осы қасиетті өнердің ХІХ ғасырдың екінші жартысында жазба әдеби түрде қалыптасқандығы белгілі. Бұл – қазақ жазба әдебиетінің бастау бұлағы болды. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына септігін тигізген – көсемсөз жанры десек қателеспейміз.

«Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яғни қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз – осылай шығарған сөз...» [1], – деп жазыпты Ахмет Байтұрсынұлы.

Көсемсөз – сөз өнерінің үлкен бір саласы. Ол – көркем әдебиетпен бірге туып, қалыптасып, өсіп, өркендеп келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы. «Көсемсөз» деп айдар тағып, жаңа терминді ғылыми айналымға енгізген, қазақ публицистикасының атасы – Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Ахмет Байтұрсыновтың енгізген «көсемсөз» терминіне тоқталу үшін, ғылыми тұрғыдан «Әдебиет танытқыш» еңбегіне қысқаша сипаттама берейік: «Әдебиет танытқыштағы» қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласың. Эпосты – әуез, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп бір қайтарып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді; шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білімір шешен сөз, уағыз, көсемсөз (публицистика). Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), такпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар,

жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыр – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салт-тама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр.

Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңалық бар. Хисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, шығармаларды діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін саф толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңайыс) толғау, намыс-таныс толғау, сұқтаныс толғау, (даттау, қаралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп таратып берді. Бұны – қазақ әдебиеттануының теориялық негізі деп түсінген жөн. Яғни, Байтұрсынов тұңғыш рет ғылыми тұжырымдама жасаған.

Қазақ көсемсөзінің қалыптасу, даму барысында реформатор Ахмет Байтұрсыновтың атқарған рөлі зор. Себебі: Ахаң 1913-1918 жылдары «Қазақ» деп аталатын газет шығарды. Бұл – қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени газет. Ахаңның осы газетті ұйымдастырып, шығаруы – қазақ публицистикасына үлкен резонанстық әсер әкелді. «Қазақ» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріне, руханиятына үлкен жаңалық болды. Бүгінде осы аталмыш газеттің мұрағатта сақтаулы тұрған әрбір санын қарап, зерделесеңіз, газеттің қоғамдық рөлі ерекше болғанын байқайсыз. Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды [2;127 б].

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі екінші бір күрделі мәселе оқу – ағарту ісі болды. Қазақ даласында заман талабына сай жалпы білім беретін негізінен орыс-қазақ мектептері болды. Мұндай алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектебі 1841 жылы Жәңгір хан ордасында ашылды. Екінші мектеп Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан 1850 жылы ашылды. Ол негізінен орталық аппараттың төменгі орындарына писарлар мен тілмаштар даярлау мақсатын ұстанды. Алғашқы 30 баланың бірі ретінде онда қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин оқыды. Ал үшінші осындай мектеп

Омбы қаласында Сібір қазақтары облыстық басқармасының жанынан 1865 жылы ашылды. Оған жиырмаға жуық оқушы қабылданды. Осылайша бірте-бірте мектеп ашу ісі бел ала бастады. Бірақ бұл негізінен орыстың ықпалды күшейте түсуге бағытталған оқу жүйесі болатын. Орыс-қазақ мектептерінің басты көздеген мақсаты жалпы қазақ балаларының ой санасын, таным-түйсігін жетілдіруге, оларды білімділікпен біліктілікке ұмтылдыру емес, өз кеңселеріне қажетті төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау және ел арасында солардың тәлім -тәртібі арқылы орыстандыру саясатының нарқын арттыру еді [2,128 б].

«Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас көз болды. Мысалы: «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән жайын, маңызын, әсіресе, «Қазақтың шаруасына, бір жақтан надандықтан кемшілік келген де, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігіне қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер – білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында шаншылмас едік, бізде өз алдымызда бір жұрт екенімізді білдірер едік» десе, «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», – дейді. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп мұқтаждарын айтады.

Оқу-ағарту мәселесіне «Қазақ» газеті көп көңіл бөліп, қазақ даласында жаңадан мектеп медреселер салудың қажеттілігі осы істің барысы туралы хабарларды кеңінен жариялап отырды. Сондай-ақ қазақ тілінде шыққан кітаптардың бағыт-бағдары, алатын орны жөнінде қысқаша сын мақалалар өте көп жазылды.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ публицистикасына әкелген жаңалығы жайлы ғылыми тұжырымдар жасасақ:

1. Ахмет Байтұрсынов – тұңғыш рет қазақ кеңестігінде қоғамдық-саяси формамен ұштастырып халықтың хал-ахуалын «газет» стилінде баяндауды қолға алды;

2. Халықтың өмірін көркем шығармамен астарлап жеткізді (Яғни, сюжетті мақала, жаднама);

3. Әдеби-мәдени бағытты өркендеді;
4. Жер, су, оқу-ағарту мәселелерінің оңтайлы шешілуіне тұңғыш болып бағдарлама жасады;
5. Әйел тағдыры, жетім-жесір мәселелерін көтерді.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ публицистикасының көшбасшысы. Ол – XX ғасыр басындағы қалың ұйқыда жатқан қазақ елінің оянуына, өз алдына дербес ел болуына, бодандық қамытынан арылуына өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ көсемсөзінің жанр ретіндегі қалыптасуын, дамуын зерттеп жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Омашев: «Қазақ» газетінің осындай өрнегін көріп, Ахандар мектебінен тәлім алып, іс майданына «көз, құлақ» болуға онан кейін де бірқыдыру баспасөздер дүниеге келді. Олар: «Сарыарқа», «Абай», «Жас азамат», «Бірлік туы», «Шолпан», «Сана», кеңестік кезеңнің тонын киіп, алаш рухын жырлаған «Таң», эмиграциядағы үні қатқыл, қаһары күшті «Жас Түркістан» т.б. басылымдар еді. Бұл басылымдар аға газет «Қазақтан» көрген үлгісін жаңғыртып, Семей, Қызылжар, Ташкент, Берлин қалаларында тәуелсіздік рухында сөйледі. Алайда, бір өкініштісі, «Айқап» пен «Қазақ» біршама зерттеліп, ондағы публицистік материалдар талқы мен сынға түссе де, жоғарыдағы басылымдар жайлы бірді-екілі еңбектер болмаса, басым көпшілігінде жалпы түсінік, жалаң деректер ғана айтылады. Түбегейлі кіріскен терең талдаулар, монографиялық еңбектер жоқтың қасы дерлік.

Алаш көсемсөзін жаңғыртудың дәл қазіргі күні ауадай қажеттігі бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, Алаш қайраткерлері ел тәуелсіздігі мен азаттығы туралы кемінде 70-80 жыл ілгерірек ойлаған. Бүгінгі күні тәуелсіздікке тұғыр болатын ойларды, идеяларды Алаш мұраларынан табамыз. Олар жазған көсемсөздердің, айтқан ойлардың зор ықыласпен қабылданып, қажеттілікке айналуының сыры осында.

Екіншіден, аяулы тұлғаларымыздың көсемсөзі халық санасынан әдейілеп өшірілді. Қысқа уақыт аралығында араб жазуынан латынға, одан кириллицаға көшіру саясаты халықтың бүкіл рухани әлеміне зардабын тигізді. Алаш қайраткерлері ақталған күннің өзінде қазіргі ұрпақ олардың не жазғандарынан бейхабар. Себебі, шағатай, араб жазуларын кез келген адам оқи алмайды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Алаш қайраткерлерінің саяси қызметі, әдеби шығармалары біршама зерттелді. Ал көсемсөздері тұңғыш рет көптомдық ретінде шығарылып отыр. Белгілі бір тарихи оқиғаларды зерттеуде, баға бе-

рерде сол кезде жарық көрген баспасөзге, онда жарияланған көсемсөзге жүгінбеу мүмкін емес. Өйткені, ол сол кезеңнің шындығын, уақыттың үнін, тынысын айнақатесіз жеткізеді.

Белгілі ғалым Үшкілтай Сұбханбердинаның осы саладағы еңбегі өлшеусіз болды. Ол кісінің жетекшілігімен «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Айқап» басылымдарының кириллицаға түсірілген нұсқасы біраз ғылым салалары үшін керемет құнды еңбек болғанын білеміз. Осы игілікті істі жалғастыру мақсатында журналистика мәселелерін зерттеу институты осыған дейін ғылыми айналымға толық түспеген еліміздің және шетелдердің мұрағаттарында жатқан алаштық баспасөз өнімдерін көптомдық етіп көпшілікке ұсынуды қолға алды» деген тұжырымын жіті бақыласаңыз, қазақ көсемсөзіне, оның дамуына үлес қосқандардың көшбасшысы – Ахмет екенін түсінесіз және Аханның осы атқарған еңбектері көпке үлгі болған. Реформатор-теоретиктің ықпалы зор болғанын ұғынып, оны профессионалды көсемсөз жанрын қалыптастырушы деп топшылауға болады.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ публицистикасының даму тенденциясына қосқан үлесін генезистік, эволюциялық тұрғыдан қарайтын болсақ: әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған «Тағы да народный сот хақында» (1911), «Қазақ һәм ІҮ Дума» (1912), «Земство» (1913), «Жер жалдау жайынан» (1913), «Көшпелі һәм отырықшы норма» (1913), «Уақ қарыз» (1913), «Бұ заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914) (осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916), «Бастауыш мектеп» (1914), «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» (1923), «Партия һәм кеңес құрылысындағы рушылдық әсері» (1926) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасы эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді.

Ахмет Байтұрсынов – әлеуметтік саланың журналисі. Себебі: ол әлеуметтік тақырыпқа жиі қалам тербеген. Мысалы, «Оқу жайы» («Қазақ», 1913, № 11) мақаласында өз кезінде-

гі мектептер ісін тиянақтай отырып, сол тұстағы Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды, әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, әл әрбір үш жүз кісіден 1 әйел қазақша, төрт мың кісіден 1 әйел орысша хат таныды деген дерек келтіреді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимун (педучилище) жоқ» деп күйзеледі. Мұның үстіне автор қазақша, орысша, екі тілде білім алу жүйесін ерекше қолдап, «жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін,

оқымаған жан қалмасын» деп дәл қазіргі күндегі тәуелсіздік шарттары алға міндет етіп қойып отырған терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды. Яғни, Байтұрсынов – XX ғасыр басындағы қазақ оқу-ағарту саласының хал-ахуалын тұңғыш кәсіби тұрғыда көтеріп қана қойған жоқ, ол осы түйткілді шешу үшін арнайы мектеп бағдарламасы мен оқу құралдарын даярлағаны белгілі.

Сөзімізді түйіндер болсақ, Ахмет Байтұрсынов – қазақтың көсемсөз жанрының жеке дара қалыптасуына, өркендеуіне үлес қоса отырып, жанрдың жанрлық-стильдік ерекшелігіне де айтарлықтай еңбек етті. Негізгі тұжырым: Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөз жанрындағы рөлі, атқарған қызметі, әдеби мұрасы – қазақ журналистикасының тарихындағы алтын әріппен жазылған еңбектер деп нақты айта аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007.
- 2 Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2009.

References

- 1 Kabdолоv Z. Soz oneri. – Almaty: Sanat, 2007.
- 2 Kazakh ensyklopediasy. – Almaty: Aruna, 2009.